

5 тамыз 2024 жыл



**«Эйр Астана» Акционерлік қоғамы**

(«Air Astana тобы» немесе «Топ» немесе «Компания»)

**2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішіндегі қаржы және операциялық нәтиже**

***Жолаушылар қызметтеріне рекордтық сұраныс табыстың айтарлықтай өсуіне ықпал етеді***

***Тасымалдау сыйымдылықты алдын ала басқару екінші тоқсанда ШЖКМ-ге кірістер және EBITDAR көрсеткіштерін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді***

**Негізгі көрсеткіштер**

- **Бірінші жартыжылдықта кіріс деңгейінің және EBITDAR-дың сенімді өсуі**
  - Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде түсім мен өзге де кірістер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,9%-ға өсіп, 586,2 млн АҚШ долл. құрады (2023 ж. бірінші жартыжылдығы: 519,1 млн АҚШ долл.).
  - Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде EBITDAR көрсеткіші өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 9,8% өсті және 138,7 млн АҚШ долл. құрады. Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде түзетілген EBITDAR маржасы 23,7% болды (2023 ж. бірінші жартыжылдығы: 24,3%).
  - ШЖКМ көрсеткіші өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,8%-ға өсіп, 8,7 млрд құрады. (2023 жылдың 1 жарты жылдығы: 7,8 млрд).
  - Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде, ШЖКМ-ға кіріс 1,0%-ға өсті және 6,73 АҚШ центі құрады (2023 ж. бірінші жартыжылдық: 6,67 АҚШ центі), бұл ШЖКМ-ға шығыстарының 2,5%-ға өсуін теңестірді.
  
- **Екінші тоқсандағы өсу динамикасы.**
  - Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде түсім мен өзге де кіріс өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,6%-ға өсіп, 321,4 млн АҚШ долл. құрады (2023 жылғы екінші тоқсан: 285,4 млн АҚШ долл.).
  - Біржолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде түзетілген EBITDAR өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,5%-ға өсіп, 88,7 млн АҚШ долл. құрады және екінші тоқсанда біржолғы баптарды<sup>1</sup> ескермегенде түзетілген EBITDAR-дың жақсартылған маржасы 27,6% болды.
  - Екі бренд бойынша кірісті алдын ала басқару бір жолғы баптарды<sup>1</sup> есептемегенде ШЖКМ-ның өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,4% өсуіне әкелді, бұл 7,02 АҚШ центі болды (2023 жылғы екінші тоқсан: 6,79 АҚШ центі).
  
- **Тасымалдау сыйымдылықтың ұлғаюы және жаңа маршруттардың іске қосылуы арқасында бірінші жартыжылдықта жолаушылардың рекордтық саны**

- Топтың тасымалданған жолаушыларының жалпы саны 14,6%-ға өсіп, 4 млн адам болды. Тұрақты орташа жүктеме коэффициенті 82% болды (2023 жылдың бірінші жарты жылдығы: 82,7%).
  - Азия бойынша тұрақты өсу.
  - Болжағаннан жоғары сұраныс нәтижесінде қытай бағыттарында тасымалдау сыйымдылығының кеңеюі.
  - Аптасына екі рет Алматы-Сеул күн сайынғы рейстеріне қосымша Астана-Сеул тікелей рейстерін жандандыру арқасында Оңтүстік Кореямен байланысы нығая түсті.
  - Төрт жаңа чартерлік бағыт ашылды.
- **Жоспардан оза флотты дамыту**
    - 2024 жылдың бірінші жарты жылдығында ішкі және таяу өңірлік нарықтарға қызмет көрсету үшін тар фюзеляж флотына басымдық беріп, алты әуе кемесі әуе паркті толықтырды.
    - Топ әуе паркінің көлемі жоспардан оза отырып, 2023 жылдың соңындағы 49 ұшақтан есеп беру кезеңде 54 ұшаққа дейін ұлғайды. Жыл соңына қарай Топ әуе паркті бастапқы жоспармен салыстырғанда тағы үш ұшаққа ұлғайтуды жоспарлап отыр (49-дан 56-ның орнына 59-ға дейін).
    - Әуе паркті оңайлату екі Embraer E2 ұшағын лизинг берушіге қайтаруды сәуір айына және есепті кезеңнің соңынан шілде айының басына ауыстыру арқылы жеделдетілді.
    - Әуе паркті 2024-2025 жылдары қосымша A320neo ұшағына дейін ұлғайту, олардың екеуі 2024 жылдың маусым-шілде айларында жеткізілсе, үшіншісі қыркүйекте, тағы екеуі 2025 жылдың бірінші тоқсанында жеткізіледі.
    - 2024 жылдың шілдесінде жеті Airbus A321neo LR ұшағының операциялық лизингі шартына қол қойылды, жеткізілімдері 2026 жылдан басталады.
- **Саланың дамуын оза отырып Pratt & Whitney қозғалтқыштарындағы мәселелерді алдын ала жою**
    - 2024 жылғы наурызда Pratt & Whitney компаниясымен Топтың қызметіне әсер етуге байланысты өтемақы және басқа да қолдау туралы келісімге қол жеткізілді.
    - Жазда жоғары маусымда әуе паркін оңтайландыру үшін сұранысы төмен маусымдарда әуе кемелері тоқтату бағдарламасын сәтті жүзеге асыру.
    - 2024-2025 жылдары бес A320neo ұшағының қосылуы арқылы тасымалдау қабілетін арттыру.
    - 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында компания 7 қосалқы қозғалтқыш сатып алды.
    - 2024 жылдың сәуір айында жалға алынған ек қозғалтқышқа қосымша тағы бір қосалқы қозғалтқыш 2024 жылдың шілде айында жалға алынған.
- **Шығынға жалпы салалық қысым шығыны төмен, икемді үлгі және брендтер бойынша табыстылықты оңтайландыру есебінен жұмсарады**
    - Операциялық шығындардың тиімділігіне назар аударуды жалғастыру.
    - ШЖКМ-ге шығындар біржолғы баптарды<sup>1</sup> есепке алмағанда бірінші жартыжылдықта 2,5%-ға 6,21 АҚШ центіне дейін ұлғайды (2023 жылдың бірінші жартыжылдығында: 6,06 АҚШ центі), бұл шығынның жалпы салалық инфляциясына, әуежай тарифтерінің көтерілуіне, Компанияның жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруына тұрақты

- инвестицияларына, сондай-ақ әуе паркінің кеңеюіне байланысты ұшақтардың амортизациялауға шығынның ұлғаюынан болды.
- Алты дербес С-чек 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында өткізілді және 2024 жылдың үшінші тоқсанына Airbus әуе паркі үшін жоспарланған 12 жылдық С-чекке дайындық жүргізілуде.
  - Операциялық тиімділікті арттыру үшін экипаждарды жоспарлауды және іріктеу және құжаттарды басқару жүйелерін оңтайландыру үшін шешімдерді табу және тарту.
- **Алматының бас хабында өсімді қолдау үшін жаңа халықаралық терминал ашылды**
    - Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалы 2024 жылғы маусымда толығымен іске қосылды, өткізу қабілетін жылына 8 миллионнан 14 миллионнан астам жолаушыға дейін ұлғайтты және Алматының Орталық Азиядағы ең көп жүктелетін хаб ретіндегі орнын нығайтты.
    - Алдағы айларда Алматы әуежайында Астанадағы жөндеуден өткен Shanуғақ залына қоса, бизнес-класс жолаушылары мен «Эйр Астана» әуекомпаниясының Nomad Club бағдарламасының элиталық мәртебесі бар жолаушыларға арналған жаңа Shanуғақ залын ашу жоспарлануда.
  - **Мықты төлем теңгерімі және леверидж коэфициенті**
    - Қаражат (қол жетімді несие қаражатын шегергенде) 418,2 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды (2023 жылғы бірінші жартыжылдықта: 300,2 млн АҚШ доллары), ал қаражатының түсімге қатынасы 33,9% (2023 жылғы бірінші жартыжылдықта: 26,1%) болды.
    - Топтың таза борышы/түзетілген EBITDAR көрсеткіші қаражаттың органикалық өндірудің және IPO-дан түсетін түсімдердің арқасында 2023 қаржы жылындағы 1,5х-тен 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында 1,4х-ке дейін төмендеді.
  - **Болжам**
    - Топ өзінің әуе кемелері паркінің және желінің сыйымдылығының ұлғаюының арқасында маусымдық өсуді ескере отырып, үшінші тоқсандағы оң брондау динамикасының арқасында жоғары болып қалып отыр.
    - ШЖКМ жоспар бойынша өсіп келе жатыр, бірақ 2024 жылы оны бұған дейін болжанғандай ШЖКМ-ге шығындар өсімі озады деп күтілуде. Жүктеме факторларын 2023 жылға арналған деңгейге кең көлемде сақтай отырып, жеткізу маржасын барынша ұлғайту және шығындарға инфляциялық қысымды төмендету үшін қуаттарды қайта реттеу жалғасуда.
    - Жыл соңына дейін флотты кеңейту күткеннен де асып түседі, флотта қосымша 12 ұшақ және екі E2 мерзімінен бұрын қайтарылады. Осылайша, 2024 жылдың соңына қарай екі маркалы ұшақтардың жалпы паркі 59 бірлікке жетеді (бастапқы жоспар бойынша 56 ұшақ).
    - Проактивті флотты басқару нәтижесінде және Pratt & Whitney GTF қозғалтқыштарына қатысты мәселелерге қарамастан, Топ өтімділік коэфициенті 25%-дан жоғары және таза Қарыз/EBITDAR қатынасы 3,0х төмен.

**Сілтеме:**

1 Біржолғы баптар: 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында IPO-ға қатысты 9,4 млн доллар таза шығындар және Қазақстан аймақтарындағы су тасқынына байланысты 2,7 млн долларлық қайырымдылық шығындары бар. 2023 жылдың бірінші жартысы 0,4 млн АҚШ доллары көлеміндегі IPO-ға байланысты шығыстарды және Ресейдегі ішінара жұмылдырудан түскен төтенше нарықтық оқиғадан (ТНО) 8,9 млн АҚШ доллары көлеміндегі кірісті қамтиды. 2024 жылдың екінші тоқсанында 3,1 млн доллар көлеміндегі IPO-

ға қатысты таза шығыстар және Қазақстандағы аймақтық су тасқынына байланысты 2,7 млн долларлық қайырымдылық шығындары кіреді. 2023 жылдың екінші тоқсанында IPO-ға байланысты шығыстар 0,1 млн АҚШ долларын және ТНО түсімдері 3,5 млн АҚШ долларын құрайды.

### **Air Astana тобының бас атқарушы директоры Питер Фостер былай деді:**

«Біздің команда 2024 жылдың бірінші жартысында сектордағы шығындарға инфляциялық қысым аясында жоғары нәтиже көрсетті. Бір жолғы баптарды есептемегенде жалпы табыс 2024 жылдың бірінші жартысында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,9% -ға және екінші тоқсанда 12,6%-ға өсті; түзетілген EBITDAR көрсеткіші біржолғы баптарды есептемегенде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,7% маржамен 9,8% өсті, екінші тоқсанда 27,6% маржамен 11,5% өсті. Бірінші жартыжылдықта біз тасымалдау сыйымдылықтарын проактивті басқардық, бұл ШЖКМ-ге кірісті өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,0%-ға ұлғайтуға, ал ал екінші тоқсанда өсу қарқыны 3,4%-ға дейін өсті және ШЖКМ-ге шығын өсімін 2,5%-ға өтеуге мүмкіндік берді. Топтың екі брендті моделі бізге ШЖКМ-ге неғұрлым жоғары кірісі бар бағыттарында ресурстарды икемді бөлуге мүмкіндік берді, осылайша жолаушылар санының өсуі мен операциялық шығынның тиімділігіне үнемі назар аудару арасында теңгерімді қамтамасыз етеді.

Біздің әуе паркін дамыту жоспары жоспардан оза орындалып жатыр және біз 2024 жылдың соңына қарай жалпы әуе паркі 59 бірлікке дейін ұлғаяды деп күтудеміз, ол бастапқыда жоспарланғаннан үш бірлікке көп. Бұл тасымал сыйымдылығын ұлғайту Pratt & Whitney қозғалтқыштарының ұшудан тыс жұмыс уақытын қысқартуға бағытталған және Қазақстан мен Орталық Азиядағы әуеатасымалға өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік беретін бірнеше шаралардың бірі болып табылады. Біз сондай-ақ Қытай мен Оңтүстік Корея сияқты маңызды өсу өңірлерінде желіні кеңейтуді және тасымалдау сыйымдылықты стратегиялық бөлуді жалғастырамыз.

Мен өз әріптестерімді клиенттерге қызмет көрсетудің ең жоғары деңгейіне және жетілдіруге деген тұрақты ұмтылыстары үшін құттықтаймын. Бұл жақында өткен Skytrax World Airline Awards сыйлығын марапаттау рәсімінде мойындалды: «Әір Астана» және FlyArystan Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік әуекомпания және төмен бюджеттік тасымалдаушы деп қайта аталды.

Жолаушылар саны рекордтық деңгейге жетті, ал үшінші тоқсандағы брондау қисығы жазғы маусымға жақсы дайындалғанымызды көрсетеді. Pratt & Whitney қозғалтқыштарымен байланысты мәселелердің тұрақты менеджментіне және шығындарға жалпы салалық қысымға қарамастан, біз өзіміздің өсу стратегиямызды ұстанамыз және Топтың 2024 және одан әрі келешегіне сенімдіміз».

### **Операциялық және қаржылық шолу**

	2024 ж. 1-ші жартыжылдық	2023 ж. 1-ші жартыжылдық	Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда %	2024 ж. 2-ші тоқсан	2023 ж. 2-ші тоқсан	Өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда %
Жолаушы (млн)	4,03	3,52	14,6%	2,15	1,93	11,4%
Кезең соңындағы әуе кемелерінің саны	54	44	22,7%	54	44	22,7%
Жолаушы жүктеме коэффициенті	82,0%	82,7%	(0,7)пп	82,8%	83,0%	(0,2)пп
Біржолғы баптарды есептемегенде табыстардың барлығы және басқа кірістер (млн АҚШ долл.)	586,17	519,11	12,9%	321,43	285,41	12,6%
Табыс және басқа кірістер (қаржылық есептілікке сәйкес)	587,17	528,05	11,2%	322,43	288,93	11,6%
EBITDAR біржолғы баптарды	138,68	126,30	9,8%	88,72	79,56	11,5%

есептемегенде (млн АҚШ. долл.)						
<i>Түзетілген EBITDAR (қаржылық есептілікке сәйкес)</i>	126,5	134,80	(6,1%)	82,85	82,98	0,2%
<b>Бір жолғы баптарды есептемегенде түзетілген EBITDAR маржасы (млн АҚШ долл.)</b>	<b>23,7%</b>	<b>24,3%</b>	<b>(0,7)пп</b>	<b>27,6%</b>	<b>27,9%</b>	<b>(0,3)пп</b>
<i>Түзетілген EBITDAR маржасы (қаржылық есептілікке сәйкес)</i>	21,6%	25,5%	(4,0)пп	25,7%	28,7%	(3,0)пп
<b>ШЖКМ көрсеткіші (млрд)</b>	<b>8,71</b>	<b>7,79</b>	<b>11,8%</b>	<b>4,58</b>	<b>4,20</b>	<b>8,9%</b>
<b>ОЖКМ көрсеткіші (млрд)</b>	<b>7,14</b>	<b>6,44</b>	<b>10,9%</b>	<b>3,79</b>	<b>3,49</b>	<b>8,7%</b>
<b>(Біржолғы баптарды (АҚШ центі) есептемегенде ШЖКМ кірістері)</b>	<b>6,73</b>	<b>6,67</b>	<b>1,0%</b>	<b>7,02</b>	<b>6,79</b>	<b>3,4%</b>
<i>ШЖКМ кірістері (қаржылық есептілікке сәйкес)</i>	6,74	6,78	(0,6%)	7,05	6,88	2,4%
<b>Біржолғы баптарды есептемегенде ШЖКМ шығындары (АҚШ центтері)</b>	<b>6,21</b>	<b>6,06</b>	<b>2,5%</b>	<b>6,12</b>	<b>5,86</b>	<b>4,5%</b>
<i>ШЖКМ шығындары (қаржылық есептілікке сәйкес)</i>	6,36	6,06	4,9%	6,27	5,86	7,0%
<b>Ақшалай қаражат және банктік теңгерім (млн АҚШ долл.)</b>	<b>418,19</b>	<b>300,23</b>	<b>39,3%</b>	<b>418,19</b>	<b>300,23</b>	<b>39,3%</b>
<b>Таза борыш (млн АҚШ долл.)</b>	<b>407,47</b>	<b>405,96</b>	<b>0,4%</b>	<b>407,47</b>	<b>405,96</b>	<b>0,4%</b>
<b>Топ рейстерінің уақтылы орындалуы</b>	<b>75,9%</b>	<b>79,3%</b>	<b>(3,4)пп</b>	<b>79,9%</b>	<b>84,9%</b>	<b>(5,0)пп</b>

### Операциялық қызметке шолу

Топ бұрынғысынша қатаң қауіпсіздік стандарттарына сәйкес әуе кемелер паркін қолдай отырып және ұшқыштар мен бортсеріктерді озық даярлауды қамтамасыз ете отырып, операциялық жетілдіруге қол жеткізуге шоғырланған.

2024 жылдың бірінші жартыжылдығында компания өткен жылдың қыркүйегінде ашылғаннан кейін өзінің толық пилотажды ұшу тренажерінің жүктемесінің 97%-на жетті. Бұл Еуропалық одақтың Авиациялық қауіпсіздік агенттігі («EASA») сертификаттаған, қызметкерлерге арналған жалпы оқу шығыны мен жолға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік беретін Орталық Азиядағы алғашқы тренажер. 2024 жылды шілде айында Top L3 Harris компаниясымен екінші толық ұшу тренажерін сатып алу туралы келісімге қол қойды. Бұл заманауи инфрақұрылым 2025 жылдың екінші жартысында іске қосылады және Airbus ұшқыштарын даярлауда өсіп келе жатқан қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әуекомпанияны қосымша мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді деп күтілуде. Сонымен қатар, Компания экипаждарды жоспарлауды және іріктеу және құжат айналымы жүйесін сатып алуды, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыруға көмектесетін ұшуды оңтайландыру шешімдерін сынауды жоспарлап отыр.

Осы бастамалармен қатар Компания басшылығы бизнестің барлық тиімділігін арттыруға ерекше көңіл бөлуді жалғастыруда. Сәуір айының ортасында жанармай құю бағдарламасын қайта енгізгеннен бері компания айтарлықтай үнемдеуге қол жеткізді. Отынның шамамен 30% шетелде құйылады және компания оны «колл» опционының көмегімен хеджерлейді. Топ жанар-

жағармай бағасының 80-85 АҚШ доллары деңгейінде және шығын қаупінсіз 2024 жылы күтілетін халықаралық жанармай бағасының өсуін толығымен хеджирлендірді.

### **Тұрақты даму туралы шолу**

«Эйр Астана» ТМД мен Орталық Азиядағы ең экологиялық таза әуекомпания болуға және 2050 жылға қарай шығарындылардың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылады. Топ Қазақстан Республикасында экологиялық таза авиациялық отынды (SAF) өндіру мен пайдаланудың алдын ала техникалық-экономикалық негіздемесін бірлесіп қаржыландыру үшін «ҚазМұнайГаз» және Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ)-мен ынтымақтасады. Топ 2030 жылға қарай SAF ұжымдық 5 пайыздық араластыру мақсатын белгілейтін Азия-Тынық мұхиты өңірі әуекомпаниялары қауымдастығының қарарын қолдауға міндеттенді.

Жаңа халықаралық терминалды қолдау үшін «Эйр Астана» әуежайға жергілікті суретшілердің Airbus A321 фюзеляжы мен Boeing B767 ішкі конструкцияларынан жасаған жиһазын әуежайға сыйға тартты. Жобаның мақсаты орнықты дамуды ілгерілету және қоршаған ортаға әсерді азайту болып табылады.

2024 жылдың сәуір айында «Эйр Астана» және FlyArystan әуе компаниялары 1 млрд теңге сомаға гуманитарлық көмек, сондай-ақ Батыс Қазақстанда су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетті. Әуекомпаниялар 75 тоннадан астам азық-түлік пен бірінші кезектегі қажетті тауарларды тегін тасымалдап, зардап шеккендерге сол жерде көмек көрсететін еріктілерге тасымалдауды қамтамасыз етті және Батыс Қазақстаннан қосымша 41 рейсті орындады.

### **Басқару жүйесіне шолу**

Компанияның IPO алдында 2024 жылғы ақпанда жарияланған эмиссия проспектісінде көзделген бұрын жарияланған жоспарға сәйкес директорлар кеңесінің мүшесі, BAE Systems (Kazakhstan) Limited акционерінің өкілі Майлз Сент-Джон Уэсткотт мырза 2024 жылғы 30 мамырдан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің құрамынан шықты. Дияс Асанов 2024 жылдың 31 мамырынан бастап тәуелсіз директор болып тағайындалды. Осылайша, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына енді бес тәуелсіз (барлығы тоғыз адам) директор кіреді, бұл оның корпоративтік басқарудың жоғары деңгейіне бейілділігін тағы да көрсетеді. 2024 жылдың мамырында Ричард Леджер Адриана Хэмилтон-Маннса мырзаның Компаниядан кету туралы шешімінен кейін FlyArystan компаниясының бас атқарушы директорының міндетін атқарушы болып тағайындалды.

### **Ағымдағы жылғы акцияларды кері сатып алу бағдарламасының нәтижесі**

2024 жылғы 30 сәуірде Компания өзінің қызметкерлерді көтермелеу бағдарламаларынан туындайтын міндеттемелерін орындау мақсатында Компанияның жай акцияларын («Акциялар») және Акцияларды («ЖДҚ») білдіретін жаһандық депозитарлық қолхаттарды («Бағдарлама») қайта сатып алу бағдарламасын бастады. Бағдарламаның бірінші бөлігі шеңберінде Компания 4 786 800 Акцияға (Акциялар және ЖДҚ нысанында) дейін сатып алуға ниеттенеді, бұл қазіргі уақытта 12 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі ең жоғары сыйақыға (қосымша шығыстарды қоса алғанда) Компанияның орналастырылған Акцияларының жалпы санының шамамен 1,3% -ын құрайды.

Шілде айының соңындағы жағдай бойынша Компания жалпы сомасы 2,75 млн АҚШ долларын құрайтын 808 037 акция мен 134 798 ЖДҚ (539 192 Акцияны білдіреді) сатып алды.

### **Air Astana және FlyArystan әуе компаниялары саладағы көрнекті жетістіктері үшін халықаралық марапаттарға ие болды**

Топ 2024 жылдың маусымында өткен Skytrax World Airline Awards 2024 рәсімінде жоғары марапаттарға ие болды. «Эйр Астана» он екінші рет Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік әуекомпания деп танылып, сегізінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік борттық қызмет көрсету» марапатына ие болды. Бұдан басқа, «Эйр Астананың» бюджеттік тасымалдаушысы FlyArystan екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында жеңімпаз атанды.

Бірінші жартыжылдықта Топ сонымен қатар оқу және операциялық қызметі үшін бірнеше марапаттарға ие болды, соның ішінде: Қазақстандағы Америка Сауда Палатасының «Ең

инновациялық білім/оқыту бағдарламасы» және 2024 Дүниежүзілік туристік тамақтану және қызмет көрсету көрмесінде әртүрлі номинациялар бойынша

Топ басшылығы да бизнесті және жалпы саланы дамытуға қосқан үлесі үшін жоғары баға алды. Шілде айында бас атқарушы директор Питер Фостер 2024 Airline Strategy Awards салтанатында Airline Business Award сыйлығын алды. Бұл арнайы марапат авиакөлік бизнесін дамытуға елеулі стратегиялық үлес қосқан және ұзақ уақыт бойы мықты көшбасшылық көрсеткен сала басшыларына беріледі. Топтың қаржы директоры Ибрагим Жанлыел, сондай-ақ CFO Summit Kazakhstan 2024 саммитінде «Үздік қаржы директоры» марапатына ие болды.

## Конференция қоңырауы

Бүгін, 2024 жылғы 5 тамызда, Астана уақыты бойынша 14.30 Компания басшылығы нақты уақыт тәртіптемесінде сұрақтар мен жауаптар сессиясымен тұсаукесердің веб-трансляциясын және конференц-қоңырауды өткізеді. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығындағы нәтиженің тұсаукесері және вебкастың жазбасы компанияның сайтында <https://ir.airastana.com> көруге болады.

Іс-шараға қатысу үшін келесі беттерге өтіңіз:

Ағылшын тілінде: [Air Astana H1 2024 Webcast](#)

Қазақ тілінде: [Air Astana H1 2024 Webcast](#)

Орыс тілінде: [Air Astana H1 2024 Webcast](#)

## Байланыс:

### Air Astana тобы

Инвесторлармен байланыстар жөніндегі қызметі

[investor.relations@airastana.com](mailto:investor.relations@airastana.com)

Корпоративтік коммуникациялар

[media@airastana.com](mailto:media@airastana.com)

**Instinctif Partners (Air Astana тобының инвесторлармен байланыстар және PR жөніндегі кеңесші)**

[airastana@instinctif.com](mailto:airastana@instinctif.com)

## Air Astana тобы туралы

Air Astana Тобы кірісі мен әуе флотының көлемі бойынша Орталық Азия және Кавказ аймақтарындағы ең ірі әуекомпаниялар тобы. Air Astana тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған Air Astana толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 54 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады. Air Astana Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық әуетасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. Air Astana Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он екінші рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және «Орталық Азия мен ТМД-да үздік борттық қызмет көрсету» санатында сегізінші рет жеңімпаз болды. FlyArystan «Орталық Азия мен ТМД-дағы үздік бюджеттік тасымалдаушы» номинациясында Skytrax сыйлығын екінші рет алды. Сондай-ақ, «Эйр Астана» APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие. Топтың бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасында, Astana International Exchange (AIX) және Лондон қор биржасында орналастырылған (тикер: AIRA).

## **Глоссарий:**

**ЕБИТДАР көрсеткіші:** шегерімге дейінгі кезең үшін пайда ретінде айқындалады (шығыстар)/табыс салығы бойынша үнемдеу, қаржылық кірістер, қаржылық шығыстар, бағамдық айырмадан шығындар, нетто және тозу және амортизация бойынша шығыстар, сондай-ақ әуе кемелерін жалдау бойынша шығыстар (әуе кемелерін жалдау бойынша ауыспалы шығыстарды, қосалқы қозғалтқыштарды жалдау бойынша шығыстарды, қосалқы бөлшектерді жалдауды, мүлікті жалдауға (кеңсе үй-жайларын жалдауға), жабдықты, техниканы және жер үсті жабдығын жалдауға арналған шығыстарды қоса алғанда).

**ШЖКМ:** шекті жолаушы-километр

**ШЖКМ шығыстары:** шекті жолаушы-километрге арналған үлестік шығыстар

**Уақтылы орындау көрсеткіші:** рейстерді уақтылы орындау көрсеткіші

**ШЖКМ кірістері:** шекті жолаушы-километрге кірістердің барлығы

**ОЖКМ:** орындалған жолаушы-километрлер